Бекітемін: ____________
№28 «Ақбота» бөбекжай-
балабақшасы меңгерушісі
Ережепова Г.Ш

**№28 «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы логопедінің жалпы сөйлеу тілі дамымаған**
**II-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық ұйымдастырылған**
**іс-әрекетінің бірінші жартыжылдыққа арналған перспективалық жоспары**

**2025 – 2026 оқу жылы**

**Түсінік хат**

Перспективалық жоспар жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) II-деңгейдегі балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар ЖСТД II-деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

*Міндеттері:*

- Импрессивті сөйлеу: Бір және көп затты ажырату, көпше түрдегі зат есімдер мен етістіктерді түсіну, есімдіктерді («менің», «сенің», «оның») меңгеру, антонимдерді ажырату, кеңістік қатынастарын («астында», «үстінде», «жанында») түсіну.
- Экспрессивті сөйлеу: Екі-үш буынды сөздерді айту, жабық буынды сөздерді анық айту, сын есімдерді зат есіммен байланыстыру («үлкен алма»), көпше түрді қолдану, тәуелдік, барыс, жатыс септіктерін меңгеру, қысқа сөйлемдер құрастыру.
- Байланыстырып сөйлеу: Сюжетті сурет пен қимылға сүйене отырып сөйлемдер құрастыру, тұрмыстық әрекеттерді сипаттау, қатар екі әрекетті байланыстыру («Апа тамақ пісіріп жатыр, бала ойнап жүр»), сұраққа өз бетімен жауап беру, тақпақ пен шағын мәтінді қайталау, қысқа әңгіме құрастыру.
- Фонематикалық түсініктер: Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату, буын санын шапалақпен санау, екпінмен дұрыс айтуға дағдылану, дыбысты тану және айтуға жаттықтыру.
- Коммуникативтік дағдылар: Ым-ишараны сөзбен бірге қолдану, қысқа сұрақ-жауап үлгілерін меңгеру, сыпайылық формулаларын («Сәлем», «Рахмет», «Кешір») қолдану, эмоцияны мимика және пантомимика арқылы білдіру, құрдастарымен ойын жағдайында диалог құру.

*Бағдарламаның құрылымы*

Бағдарлама екі кезеңге бөлінеді: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөйлеудің қарапайым құрылымдарын меңгерту, сөздік қорды толықтыру, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын дамыту.

II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерілген дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, сөздік қорды кеңейту, байланыстырып сөйлеу мен диалогке белсенді араласуға жағдай жасау.

*Күтілетін нәтижелер*

Жыл соңында балалар:

- бір және көп затты ажыратады;
- көпше түрді қолданады;
- 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады;
- сын есімдерді зат есімдермен байланыстырады;
- қарапайым тұрмыстық әрекеттерді сипаттайды;
- қысқа тақпақтар мен өлең шумақтарын жаттайды;
- дыбыстарды және буындарды ажыратады, екпінмен дұрыс айтады;
- сұрақтарға қысқа жауап береді;
- сыпайылық формулаларын қолданып, құрдастарымен және ересектермен қарапайым диалог жүргізеді.

Перспективалық жоспарды логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

| Айы | апта | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **1-2 апта** | **Диагностика** | **1-15 қыркүйек аралығында кешенді диагностикалау** |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тақырыптық суреттер бойынша бір/көп затты салыстыру (мысалы, «бір қоян – қояндар»), бір сөзді көпше түрге түрлендіріп түсінуін қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөйлемде екі құрамды (бастауыш + баяндауыш) суретке сүйеніп толық айтуға үйрету: «Апа отыр», «Бала секіріп жүр», «Ана тамақ жасап жатыр»;<br>- Кейіпкердің көңіл күйін түсініп айтуға үйрету («Бұл қуанып тұр»); |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- 3 бөлікті атап сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру (бас – дене, дөңгелек – есік); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Екі дыбысты салыстыруға дағдыландыру (мысық – ит);<br>- Сөйлемде екі құрамды (бастауыш + баяндауыш) суретке сүйеніп толық айтуға үйрету: «Апа отыр», «Бала секіріп жүр», «Ана тамақ жасап жатыр»; |
| **Қазан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді тыңдау арқылы түсінуін қалыптастыру (мысалы: «Балалар билеп жатыр», «Мысықтар ұйықтап жатыр»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Кейіпкердің көңіл күйін түсініп айтуға үйрету («Бұл қуанып тұр»);<br>- Екі дыбысты салыстыруға дағдыландыру (мысық – ит); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Пішіні мен қызметіне қарай топтау (дөңгелек – доп, алма / көлік – автобус, жеңіл көлік) үйрету; |

| Айы | апта | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **1-2 апта** | **Диагностика** | **1-15 қыркүйек аралығында кешеді диагностикалау** |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Тақырыптық суреттер бойынша бір/көп затты салыстыру (мысалы, «бір қоян – қояндар»), бір сөзді көпше түрге түрлендіріп түсінуін қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сөйлемде екі құрамды (бастауыш + баяндауыш) суретке сүйеніп толық айтуға үйрету: «Апа отыр», «Бала секіріп жүр», «Ана тамақ жасап жатыр»;<br>- Кейіпкердің көңіл күйін түсініп айтуға үйрету («Бұл қуанып тұр»); |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- 3 бөлікті атап сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру (бас – дене, дөңгелек – есік); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Екі дыбысты салыстыруға дағдыландыру (мысық – ит);<br>- Сөйлемде екі құрамды (бастауыш + баяндауыш) суретке сүйеніп толық айтуға үйрету: «Апа отыр», «Бала секіріп жүр», «Ана тамақ жасап жатыр»; |
| **Қазан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Көпше түрдегі зат есім мен етістіктерді тыңдау арқылы түсінуін қалыптастыру (мысалы: «Балалар билеп жатыр», «Мысықтар ұйықтап жатыр»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Кейіпкердің көңіл күйін түсініп айтуға үйрету («Бұл қуанып тұр»);<br>- Екі дыбысты салыстыруға дағдыландыру (мысық – ит); |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Пішіні мен қызметіне қарай топтау (дөңгелек – доп, алма / көлік – автобус, жеңіл көлік) үйрету; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Қатар екі әрекетті байланыстыруын дамыту: «Бала ойнап жүр, анасымен»;<br>- отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін қысқа сөйлеммен сипаттауға жаттықтыру («Мен доппен ойнадым»). |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Кішірейткіш сөздерді тыңдап, қайталай білу, суретпен сәйкестендіруін қалыптастыру (мысалы: «қонжық» – «аю», «құлыншақ» – «жылқы»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - дыбысты-буындық құрылымы бойынша ұқсас сөздерді естуге дифференциациялауға оқыту;<br>- Қатар екі әрекетті байланыстыруын дамыту: «Бала ойнап жүр, анасымен»; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Сын есімдерді затпен байланыстыруын (үлкен доп, тәтті алма) қалыптастыру; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін қысқа сөйлеммен сипаттауға жаттықтыру («Мен доппен ойнадым»).<br>- дыбысты-буындық құрылымы бойынша ұқсас сөздерді естуге дифференциациялауға оқыту; |
| | **5 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Суретте немесе әрекетте ұқсастық пен айырмашылықты ажыратуын дамыту: «Бала жүгіріп жатыр – Қыз демалып отыр»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Тұрмыстық әрекеттерді сипаттайтын сөйлемдерді қолдануын дамыту(мысалы: «Қол жуып жатыр», «Тамақ ішіп отыр»)<br>- отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін қысқа сөйлеммен сипаттауға жаттықтыру («Мен доппен ойнадым»). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қараша** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Екі буынды қарапайым сөздерді айту, екпінді бірінші буынға қоюды үйрету (МА-ма, ДО-па); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Дыбысты тану көрсету, кейіннен айтуға оқыту;<br>- Тұрмыстық әрекеттерді сипаттайтын сөйлемдерді қолдануын дамыту(мысалы: «Қол жуып жатыр», «Тамақ ішіп отыр») |
| | **2 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- «Менің», «сенің», «оның» есімдіктерін тыңдап түсінуін дамыту (мысалы: «Менің қаламым» – «Оның қуыршағы»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - отбасы мүшелерінің іс-әрекетін және өзінің жеке іс-әрекетін қысқа сөйлеммен сипаттауға жаттықтыру («Мен доппен ойнадым»).<br>- Дыбысты тану көрсету, кейіннен айтуға оқыту; |
| | **3 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Жабық буынды сөздерді анық айтуын қалыптастыру (жол, бор, сүт); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Сұрақ қою және сол сұраққа өз бетімен жауап беруге үйрету: – Бұл кім? – Бұл менің атам. – Бұл не? – Бұл үлкен кітап.<br>- ойын ситуацияларын құра отырып, құрдастарымен ойын барысында сөйлесуге ынталандыру; |
| | **4 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Көпше түрді тыңдап түсінуін дамыту: «Балалар отыр», «Құстар ұшты»; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Ашық және жабық буынды сөздерді ажырата айту (доп, нан, тас);<br>- Сұрақ қою және сол сұраққа өз бетімен жауап беруге үйрету: – Бұл кім? – Бұл менің атам. – Бұл не? – Бұл үлкен кітап. |
| **Желтоқсан** | **1 апта** | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Үш сөздік сөйлемдерді айтуды үйрету: «Ата үйге келді», «Допты алды»; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - ойын ситуацияларын құра отырып, құрдастарымен ойын барысында сөйлесуге ынталандыру;<br>- Ашық және жабық буынды сөздерді ажырата айту (доп, нан, тас); |
| | 2 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Затқа жұрнақ жалғау арқылы жаңа сөз жасау (кітап – кітапша, үй – үйшік) үйрету; |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Тақпақтың бір шумағын қайталау: «Қарлығашым, келдің бе? Келіп мені көрдің бе?»<br>- Екі буынды сөздерді екпінмен дұрыс айтуға үйрету: (кі-тап, са-ғат) |
| | 3 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Кішірейткіш сөздерді сөйлеуде қолдануын дамыту (мысық – мысықша); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Буын санын қол шапалақпен санауға үйрету (кі-тап – 2 шапалақ);<br>- Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету:өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін); |
| | 4 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Барыс және жатыс септіктері қолдануын қалыптастыру («үйге бар», «кітапта жазылған»);<br>- Бұйрықты нақты әрекетпен байланыстыруды үйрету(«допты бер», «отыра ғой»); |
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету:өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін);<br>- Екі буынды сөздерді екпінмен дұрыс айтуға үйрету: (кі-тап, са-ғат); |
| | 5 апта | Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту | - «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;<br>- Көпше түрді қолдануды қалыптастыру (үлкен үйлер, қызыл алмалар); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту | - Буын санын қол шапалақпен санауға үйрету (кі-тап – 2 шапалақ);<br>- Екі буынды сөздерді екпінмен дұрыс айтуға үйрету: (кі-тап, са-ғат); |

**Логопед: Сермағамбетова Ш.М.**